Тағдырлы тұлға

«Сіз, жолдас Тоғызақов, осы жауапты сапарда Жамбылдың жеке әдеби хатшысы, көмекшісі әрі аудармашысы ретінде бірге жүретін боласыз».
Халық ағарту комиссары
Т. Жүргенов

Бұл Жарлықтың қабылданып, ресми түрде жарияланғанына да, сондай-ақ қазақ елінің мәдениеті мен өнерін күллі әлемге танытқан Мәскеудегі Қазақ өнері мен әдебиетінің онкүндігіне де биыл 6 мамырда 90 жыл толады. Ал бүкіл қазақ халқы зор сенім артқан, бес жүзден астам адамға қолбасшылық еткен 91 жастағы Жамбылдың жауапты хатшысы болған қостанайлық 26 жастағы Қасым Сәрсенұлы Тоғызақовтың дүниеге келгеніне биыл 116 жыл толмақ.

Тобыл өзенінің түстігін қоныс еткен «Көлденең» қыпшақ руының Науша тармағынан Сары, Байбағыс, Айтуған, Тоғызақ, Ырсалды тарайды. Ырсалдыдан Сәрсен мен Нұрым дүниеге келеді. Нұрымнан Қасым мен Абдолла атты екі ұл туады. Қасымнан Бақытбек, Ерболат (Шал), Әділ, ал Әділден Нариман тарайды. Абдолладан Баязит дүниеге келген. Атасы Сәрсен бауырына басып, өз қолына алған Қасымды ауыл молдасына оқуға беріп, хат таныта-ды. Алайда кенеттен жабысып қалған ауруынан қауіптенген Сәрсен баласы Нұрымды шақырып алып, Қасымды «Қырықбойдақтағы» (Усть-Уйск) орыс мектебіне беруді өсиет етеді. Әке аманатына адал Нұрым 1920 жылы Қасымды өзімен құрдас Мұқамбетжанның баласы Айтмолдамен бірге аталған орыс мектебіне оқуға береді. Қасым оқуын кейін жалғастырып, 1926 жылы Қостанай педагогикалық техникумына түседі. Сонда оқи жүріп құрбы-құрдастарына деген сағынышын өлеңмен өрнектеп отырған. Баласынан келген жырлы хаттарға әкесі Нұрым

Өмірбаянында көрсетілгендей, Қасым Сәрсенұлы 1930-1933 жылдары Ленинград қаласындағы А. Герцен атындағы педагогикалық институтта үш жыл, ал 1939-1941 жылдары Мәскеудегі Кинематография институтында екі жыл білім алған. Осы себепті оның білімі «аяқталмаған жоғары» деп та-

кемдік кеңесшісі әрі аудармашысы болды. Осы еңбектері үшін Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Мақтау грамотасымен марапатталды. Кейін Мәскеу кинематография институтының режиссерлік бөліміне оқуға түсіп, оқуымен қатар «Союзмультфильм» студиясында жұмыс істеді. Алайда Мәскеудегі оқуынан екі жыл өткен соң, 1941 жылдың қазан айында «Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізді» деген жаламен оқудан шығарылып, бес жылға сотталды.

... «Себепсіз, кіріптар ғып соттасаң да, өкпем жоқ, Отанымсың сен де менің!» – деген отаншыл Қасым 1946 жылдың аяғында Алматыға оралып, өзі ерекше қадір тұтқан әдебиет пен өнер саласындағы қызметіне қайта кірісті. Ол Абай атындағы Опера және балет театрында әдеби-репертуар бөлімін басқарды. Театрда қызмет еткен 1947-1948 жылдар аралығында репертуарды байытуға зор үлес қосып, 14 драмалық

Ноғайын да, қазақ, орысын да,
Жеткізген теңдікке Октябрь –
Мойнымда перзенттік борышым», – деп заманын, қоғамын бүкпесіз жырлады.

Ақын поэзиясының өзегі Октябрь тақырыбынан бастау алып, қазақ халқының көрнекті перзенттерінің өмірімен өрнектеліп отырды. Қаныш аға, Бейімбет, әз Мұхаң, Серке, Күләш, қазақтың келіні Валя Панфиловаға арналған жырлары – соның айғағы. Сонымен қатар Шақшақбай, Қаратеке, Намаз, Кеңарал, Айрауық, Қасқат секілді тұлғалар да ақынның қаламынан да, көңілінен де бір сәтке алыстаған емес.

Ол өзінің ел перзенті екендігін ұрпақ жадында қалдыру үшін жыл сайын Екпіндіге арнайы ат басын бұратын. Бұл сапарларына ол Сәбит Мұқановты, Жұбан мен Жайсаңбек Молдағалиевтарды, Сырбай Мәуленов пен Жұмекен Нәжімедденовтерді ерте ертіп келіп, ел мен жердің көркін, халқының тынымсыз еңбегін, тұрмыс-тіршілігі мен әдет-ғұрпын кеңінен танытатын. 1960-70 жылдары туған елге жасаған бұл сапарлар салтанатты шығармашылық кездесулер де, мерейтойлық думандар да емес еді. Олар ел-жұртқа деген перзенттік сағыныштан туған, жүректен шыққан сапарлар болатын. Кездесулер колхоздың жұпыны клубында ауыл өнерпаздарының қарапайым концертімен басталып, ауыл шетіндегі жеке тігілген Айтмолда киіз үйіндегі сырлы әңгіме, шынайы сұхбат кештерімен аяқталатын. Сол күндерді сол кездегі бала «барлаушылар» - Есенғазы мен Бауыржандар осылайша еске алады.

Табиғатта феникс атты алтын қауырсынды құс бар дейді. Ол қанша қиянат пен зорлық көрсе де, өз болмысын жоғалтпай, қайта жаңғырып, қалпын сақтап қала береді. Қасекеңнің өмірлік болмысы мен рухани беріктігін мен дәл осы феникске теңер едім.

Қасым Сәрсенұлы Тоғызақовтың (әлі де толық ашылмай жатқан) бүкіл Алаш тарихы алдындағы ең абыройлы, ең биік азаматтық ерлігі - Бәдрисафа (Александра) Байтұрсы-

да өлеңмен жауап беріп отырған екен. Осы жайды Қасекең бір сөзінде: «Мен ақындықты әкеммен айтысудан бастағам», – деп еске алады. 1927 жылы «Ауыл» газетінде жарияланған алғашқы өлеңінен бастап, оның әзіл-оспақ, сықақ өлеңдері «Жедел қарт» деген атпен жарық көре бастайды.

«Ауыл» газетіндегі менің ұстаздарым – Бейімбет Майлин, Жұмаш Еленов, Меңетай Жақсылықов, Хасен Өзденбаев, Жекен Сәрсенбин, Ақбас Дүйсенбаев сынды майталман әдебиетшілер еді. Осы кісілердің айтқан ақылы мен көрсеткен қамқорлығы менің ақын болмауыма мүмкіндік бермеді», – деп еске алады ақын сол жылдарды.

1929 жылы «Ауыл» газетінде «Жедел Қарт» деген мүйіс ашылып, сол тұста аудармашы Хасен Өзденбаев: «Аузының дуасы, аяғының желі бар екенін аңғарып, ақын баланы қызметке алғанбыз», – деп жазады. Осылайша «Жедел Қарт» ел аралап, Қарабалық ауданындағы «Жаппай коллективтендіру» атты көшпелі газеттің редакциясын басқарды.

* * *

1927-1929 жылдары небәрі он тоғызға да толмаған шағында Қостанай педагогикалық техникумының шәкірті бола жүріп, Қасым танымал журналист, фельетоншы, әрі жас ақын ретінде танылды. Оның әдебиет пен өнер жолындағы алғашқы қадамдары сол кезеңдегі рухани ортаны бейжай қалдырмады. Бұған біздің қолымызға түскен, Қасымның өзі 1956 жылдың 28 қазанында толтырған өмірдерек парақшасындағы мәліметтер айқын дәлел бола алады.

Араға жетпіс жыл салып, тозығы жеткен осы бір сарғайған қағазбен қайта қауышқан біз, жүрек толқытар әсермен мақаламыздың екінші тарауын да осылайша атап, оған «Толғаулы өмір – табысты жылдар» деген қосымша айдар қосуды жөн көрдік.

нылған. Алайда оқу орындарында жүрген кезінің өзінде-ақ ол шығармашылық және қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. «Ауыл» газетінің штаттан тыс тілшісі болып қызмет атқарып, «Жедел Қарт» бұрышының жетекшісі болды. Сол жылдары оның тұңғыш жинағы – «Жедел Қарт» жарық көрді. Сонымен қатар «Амангелді» кинофильміне әдеби кеңесші әрі орыс тіліне аудармашы ретінде қатысып, Мәскеудегі «Союзмультфильм» киностудиясында кеңесшілік қызмет атқарды. Қасым Сәрсенұлы Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі болып, Аудармашылар бөлімін басқарды. Сондай-ақ «Ауыл мұғалімі», «Қазақ әдебиеті» газеттері мен «Ара» журналында (екі рет) әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. Өзіне беймәлім себептермен құғын-сүргінге іліккеніне қарамастан, Алматыға оралған әр сапарында ол Қазақстан Атқару комитетінің (Қаз ЦИК) Протокол бөлімінің меңгерушісі сияқты жауапты саяси қызметтерге тағайындалып отырған. Бұған оның 1933 жылдың күзінде тұтқындалып, кейін кінәсіздігі дәлелденуі, 1934 жылдан бастап Қазақстан Жазушылар одағына қабылданып, Одақтың Аудармашылар бөлімін басқаруы нақты дәлел бола алады.

Осы жылдары ол Бальзак, Шекспир, Лермонтов, Пушкин, Иван Вазов, Хариванш, Рай Баччан шығармаларын қазақ тіліне аударды. 1935-1937 жылдары Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің Мәдениет және өнер істері жөніндегі инспекторы әрі Жамбыл Жабаевтың хатшысы қызметтерін атқарды. 1936 жылы Ж.Жабаевтың Мәскеуге сапары кезінде оның шығармаларын сөзбе-сөз, қолма-қол аударып отырды. Сол кезеңде В.И.Ленинның «Октябрьде», «Свердлов», «Чкалов» атты картиналарын және В.Маяковскийдің «В.И.Ленин» поэмасын қазақшаға аударды. «Аманкелді» кинофильмінің әдеби-көрпьеса-либреттоны сахнаға дайындады. Сонымен қатар «Алтыншаш», Фигаронының «Үйлену тойы» операларын, «Бақшасарай фонтаны», «Чайка», «Борис Годунов», «Алтын кілт» поэмаларын және 33 романс аударып, қайта өңдеді.

1948 жылдың желтоқсаны. Безбүйрек, озбыр Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті сол жылдардағы жаламен тағы да алты жылға соттап, Краснояр өлкесіне айдатып жіберді. Ал сотталуға дейінгі екі жылдың ішінде ол көл-көсір табысты еңбек етіп, орыс әдебиетінің алыптары – Некрасов, Гоголь, Чехов, Толстой шығармаларынан жиырмаға жуық туындыны қазақ тіліне аударып, Қазақ совет әдебиетінің қорын елеулі түрде байытты. Оның аудармаларындағы Лермонтов пен Пушкин дастандары мазмұны жағынан түпнұсқадан ауытқымай, тілі жатық, қазақтың төл туындыларындай ел арасына кең тарап кетті. Бұл жөнінде атақты ақын Мариям Хакімжанова: «Терібаев Қуат, Өтей Қалиев секілді халық ақындарының оның аудармаларын жатқа айтып, домбырамен төгіп орындағанын өз құлағыммен естідім», – деп жазған еді.

Қасым Сәрсенұлы Тоғызақовтың қабілетті, талантты, екі тілге бірдей сауатты азамат екенін ерте аңғарған Бейімбет Майлин мен Ғабит Мүсірепов оны өздеріне серік, көмекші етіп сонау 1930 жылдардан бастап тартқан. Қасымның «көші-кері кетіп, арбасы тоқтаған» 1933-1954 жылдардағы ауыр тағдырына сол ағалардың қолдауы мен көмегі айқын дәлел.

«Себепсіз, кіріптар қып айдасаң да,
Заң тілді кесе алмайды, жыл кескенмен!»

– деп жырлаған ақынды тек сатира саңлағы немесе аудармашы деп қана тану – оның ақындық жаратылысы мен кең тыныстық қабілетіне жасалған қиянат болар еді. Ол:

«Талғамай қарасын да, торысын да,

нова құпиясы дер едік. «Үміт - соңғы өледі» демей ме?! Жалғыз-жарым, жетімсіз, жат, жадау жанға басын қатерге тігіп, өзін де, ең жақындарын да «оқ аузына» байлау - Қасымнан басқа кімнің қолынан келер еді?! Бұл - ақиқи, тарихи тағылымы терең, адамгершілік пен азаматтықтың шыңы болған іс. Әттең, осы тағылымды істің тірі куәгерлері - Қапиза, Қарипа, Төлеубайлармен жүздесу бізге бұйырмады. Оның үстіне, Қарипа апамен арамызды қырық ақ күн бөліп кетті... Алайда сенім ешқашан өшпейді. Негізді үміт әлі де бар. Қалай десек те, үміттің бір күні шындыққа айналарына бекем таянып, Ахаңның жары Бәдрисафа анамызға топырақ Науша елі Екпіндіден бұйырғаны рас болар деген ниетпен, 2016 жылы сол қорымның ішіне белгі қойдық. Бүгінде ол ұрпақ тәу етер қасиетті орынға айналды.

Қасым Тоғызақовтың қабілеті мен дарыны, қанша тұзаққа түскенімен, шарболаттай шыңдалған қайсар болмысы оның шығармашылық қуатын тоқтата алған жоқ. Керісінше, көл-көсір шабытпен өрбіген еңбегі үздіксіз қолдау тауып, КСРО мен Қазақ КСР-ы Жазушылар одақтары, Кинематография саласында елеулі орын алуына жол ашты. Бұл – 1969 жылы жарық көрген Қазақстан жазушыларының тұңғыш өмірбаяндық энциклопедия-жинағына енуімен де айқын дәлелденді. Қазақ қоғамы өміріндегі Қасым Тоғызақовтың қайраткерлігі мен жазушылық мұрасын терең зерттеу, ғылыми тұрғыда бағалау мен дәрежелеу – уақыт күттірмейтін міндет. Бұл абыройлы борышты, ең алдымен, оның туған өлкесі Қостанай жұрты, әсіресе, меңдіқаралық отаншыл азаматтар лайықты түрде атқарады деп сенеміз.

Ибраһим АҒЫТАЙ,
ҚР Журналистер Одағының
мүшесі, ахметтанушы.